

Өмірбекова А.Ө.

философия ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті

Аликбаева М.Б.

философия ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті

ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ САНАННЫҢ РӨЛІ

Мақала ҚР БжҒМ ҒК ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру бағдарламалары – 1156 ҒФ «Бар қазақ – бір қазақ: діни-мәдени аспектілері» мен 1152 ҒФ «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және олардың қазақ қоғамын әлеуметтік-мәдени модернизациялаудағы рөлі» аясында жазылды.

Еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігі жүзеге асып, қоғамдық өмірдің демократиялануы мен жаңару үрдістері орын алып отырған жаһандану дәуірінде ұлттық болмысымыз бен ерекшеліктерімізді айқындайтын рухани мәдениетімізді өрбіту жолдарын ғылыми-философиялық талдау қажеттілігі өзекті болып отыр. Тарих бедері баяндап отырғандай, қазақ халқы әртүрлі кезеңдерді бастан кешірді. Ұлттық ерекшеліктерге қатысты белең алып отырған олқылықтарды түзеп, ділімізді қалпына келтіріп нығайту және өркениетті елдер қауымдастығының құрылымынан берік орын алу – ұлттық мемлекеттік қалыптасуымыздың алғышарттарының бірі. Ұлттар мен халықтардың, этникалық топтардың саяси, әлеуметтік-экономикалық, рухани өміріндегі түбегейлі өзгерістер мемлекеттердің тәуелсіздігін жариялауымен және олардың өзін-өзі айқындау құқығын жүзеге асыруымен тұспа-тұс келді. Өткен тарихымыздың шынайы бейнесін жасау – жалпыұлттық бірлігіміздің, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бітімінің қалыптасуының, оның егемендігін нығайтудың, азаматтық пен отаншылдықты тәрбиелеудің ең басты факторларының бірі. Тарих – халықтың зердесі. Әлеуметтік шығармашылыққа, жарқын болашаққа бастайтын қуатты халық тарихтан алады. Тарих халықтың тамыры іспетті. Тарихи өлшеммен алғанда тәуелсіздікке қол жеткізгендеріне көп уақыт бола қоймаған мемлекеттер модернизация жолына түсті, жоғары технологиялар мен заманауи ақпараттық жүйелерді игеруде. Осы тұста олардың алдында қазіргі заманғы өркениет жетістіктерін сіңіріп жаһандану иірімдеріне жұтылып кету болмаса ұлттық бірегейлікті бекемдеп, өзіндік ерекшеліктерді сақтаудың жолдары мен тетіктерін табу сынды екіжақты мәселе туындап отыр. Осы жағдайда мемлекеттің мызғымастығы, тұрақтылығы, бірінші кезекте, қазақ ұлтының өзіндік санасының жоғары болуына, сонымен қатар, өзге ұлт азаматтарының да мемлекетпен сәйкестілігін сезіне білуіне тікелей қатысты.

Ұлы тұлғалардың ғылыми-шығармашылық мұрасын теориялық талдау философия тарихының ажырамас буыны болып табылады. Мемлекетіміз тәуелсіздік алғаннан бері қазақ ойшылдарының шығармашылығындағы өзіндік сана концепцияларын зерттеу жаңа серпін алды. Әлемдік және отандық философия тарихына терең үңілмей, философиялық ұғым ретіндегі өзіндік сананың онто-гносеологиялық мәні мен маңызын айқындау мүмкін емес. Бүгінгі таңдағы ұлттық өзіндік сананың теориялық аспектілерін ашуға бағытталған зерттеулердің қажеттілігі де осымен айқындалады.

Ұлттық өзіндік сананың көрініс алуы, өсуі – бұл заңды, шынайы әрі ұзақ үдеріс. Оны түсіну үшін қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерді ерекшелеп, талқылау қажет. Тарихи мәліметтерді пайдалана отырып, қазақ халқының ұлттық өзіндік сана ерекшелігі, оның өзгеруінің шынайы себептерін білу арқылы болашақты айқындау мүмкіндігі туындайды. Ол үшін ұлт, этнос мәселелерінің басын ашып алған дұрыс болар.

Ұлттық сана-сезімінің қалыптасуында маңызды фактор болып табылатын – өзінің тарихы және ұлттың мәдениеті. Осыдан аз ғана уақыт бұрын тарих толқынымен өлшенетін оның өзіндік түсінігіне мән берілмеді. Қоғамда жалпы қасиеттер абсолюттендіріліп, ұлттық ерекшеліктер назарға алынбаған. Кеңестік дәуірде ұлттық

мәдениет пен ұлттық тарихтың әлеуметтік-философиялық концепцияларында әртүрлі халықтардың рухани теориясындағы басымдықтар мен құрылымдары унификацияға ұшырады. Кез келген халықтың рухани өмірінің өзегі мен ерекшелігін айтудың орнына үстірт ұқсастықтар жүргізіліп, догматтық құрылымдар қызмет атқарды.

Әрбір халықтың өзінің ұлттық тарихы бар. Ұлттың тарихы – ұлттық сана. Сана белгілі бір ұлт өнімінің дамуы, сол ұлттың мәдениетінің өмірі мен мақсаты болып табылады. Сондықтан да ұлттық сана-сезімнің қалыптасу жолдары әртүрлі, ерекше әрі қайталанбас құбылыс. Бұл ерекше құбылысты түсінудегі басты мәселе яғни бір халықтың ұлттық өзіндік санасының басқа халықтың ұлттық өзіндік санасынан ерекшелік белгілерінің қалыптасуы мен көрініс беруін анықтау. Мұны тек ұлттық өзіндік сананы тарихи-мәдени және әлеуметтік-мәдени астарларда талқылау арқылы ғана жүзеге асыруға болады.

Біраз уақытқа дейін қайсыбір халықтың, оның ұлттық сана-сезімнің эволюциясының ұлттық әлеуметтік рөлі дұрыс бағаланбай келді. Әлеуметтік ерекше құбылыс – ағза ретінде ұлтқа беріліп келген көптеген анықтамаларда айрықша белгілер назардан тыс қалып отырған [1, 35 б.]. Ұлттық өзіндік сананы қарапайым жүйеде белгілі бір халық өкіліне жататындығын саналы түрде сезіну және өзге халықтардың ішінде өз халқының орны мен рөлін айқындау – маңызды мәселе. Соңғы жылдары зерттеушілер назары ұлттық құбылыстардың мәніне терең үңілуге мүмкіндік беретін этникалық мәселелерге ден қойып отыр. Бұл жерде өзіне тиесілі этникалық қоғамдастық былайша қабылданады: «тарихи тұрғыда» нақты аймақта қалыптасқан тұрақты көпұрпақты адамдар бірлестігі, оларда тек ортақ белгілер ғана емес, сонымен қоса салыстырмалы түрде тұрақты мәдени тілді де қосалқы психикалық ерекшеліктері бар және де өз тұтастығы мен өзі сияқты өзге де құрылымдардан айрықша (өзіндік сана) екендігін толық түсінеді, өзіндік атауымен (этноним) тірелген [2, 40 б.]. Этнос мәселесі этностың өзіндік сана сұрағын қоюға мүмкіндік туғызады, ол ұлттық сана-сезімімен сәйкес келмейді. Л.Н. Гумилев этносты «өзге ұжымдарға өздерін қарсы қоятын, өздерінің ішкі құрылымы мен іс-әрекеттерінің ерекше стереотиптері бар адамдардың қайсыбір ұжымы динамикалық жүйе» дейді [3, 385 б.], шын мәнінде, ол екеуі де қозғалмалы, яғни этногенездің бір фазасы болып табылады. Тарихи уақыттағы этникалық жүйелердің пайда болуы және жойылуы процесі осыны көрсетеді. Этностар ерекше құбылыстар болып табылады, оларда табиғи ортаның өндірістік іс-әрекетпен, адамдардың барша материалдық және рухани мәдениетімен өзара әрекеттесуі жүзеге асырылады... Әлеуметтік құрылым, техника деңгейі және мәдени дәстүрсіз этностың өмір сүруі мүмкін емес. Ал бұл міндетті өмір сүрудің міндетті шарттары, әрі этносты бір-бірінен шектеп тұрады. Яғни, этнос тарихи уақытта дамиды, басы мен аяғы бар жүйе; дәлірек айтқанда – этногенез дискретті үдеріс [3, 401 б.].

Тарихи тұрғыда алғанда қоғамды құраушылар диффуздық үдерістен өтеді. Алғашқы адамдардың санасыз түрде өмір сүруін Гегельдің сөзімен табиғи дөрекілік күйі ретінде сипаттауға болады, ол кезде адамзат тегі өзін тұтастық ретінде саналылық түрде қабылдамаған, сезінбеген. Тектің эволюциясы барысында оның қоғамдастық ретінде өмір сүруінің тұрақты бөлшектері арқылы саналы түрде қоғамдасуға, осының нәтижесінде этностың өзіндегі санасына өтеді. Бұл үдеріс бір текті емес, себебі эволюция барысында әр тәртіптегі оның екі факторы әрекет етеді: интеграция және дезинтеграция, қоғамдасу және шашырау. Бұл факторлар этностың өзіндік санасын әлемді түсінуде күйзелістер туғызып, бұзады. Гегель этноәлеуметтік және этнолингвистикалық қоғамның өзіндік сана эволюциясын «Рух феноменологиясында» жақсы көрсетті. Ол үшін тектің өзіндік санасы (тайпаның, халықтың) феноменологиялық сатыдан өтеді де, көрініс беру, қиял, ой, іс деңгейіне, сонымен қоса мақсаткерлік, бақытқа, бостандыққа ұмтылу дәрежесіне жететінін тұжырымдаған.

Адам жеке тұлға ретінде өзін-өзі тану арқылы өзін өзгелермен сәйкестендіре отырып, бір ұлттың мүшесі екендігін сезіну нәтижесінде әлеуметтік тіршілік иесі ретінде қалыптасады, ол отбасында, азаматтық қоғам мен мемлекетте көрініс табатын мораль,

адамгершілік, құқық принциптеріне қол жеткізеді, сонымен қоса рухани мәдениет – өнер, дін, философия арқылы өзіндік рефлексияны және өзіндік идентификацияны жүзеге асырады, яғни адамгершілік субстанция негізі орнығады. Адамгершілік субстанция, Гегельдің ойынша, «халық рухы» әлемдік рухтың бір баспалдағы болып саналады, нәтижесінде ұлттық ерекшеліктердің тереңдігі нақты дәуірдің мәнін көрсететін рухтың өзіндік даму дәрежесіне тәуелді. Гегель өзінің «трансцендентальдік» философия позициясынан Канттың «сыншыл философиясы» мен Фихтениң «абсолюттік» объективтік идеализм туралы көзқарасына өте отырып, сана және өзіндік сананың объективтік заңдылықтардан тәуелділігінің анықтамасына жетеді. Ол қоғам эволюциясы мен сана формаларының ауысуын ой қозғалысының үш сферасы арқылы көрсетті: «субъективті рух», «объективті рух», «абсолютті рух». Бұл оның рух дамуының үшмүшелі құрылысы мен баспалдағын аңғаруына мүмкіндік берді: сана, өзіндік сана және ақыл.

Өзіндік сана, Гегель бойынша, сана сияқты әртүрлі баспалдағы бар жүріп жатқан үдеріс [4, 76 б.].

Көшпелі өмір салты тайпаларға ұсақ тектік, отбасылық таралымдарды сақтауға мүмкіндік береді. Сол себепті де, қазақтардың рулық-тайпалық даму формасы сақталып, бүгінгі күнге жетті. Тектік байланыстар әрдайым рухани туыстықпен толықтырылып отырды.

Қазақтардың ұлттық санасын талқылау барысында жүйе құрушы бөлшек ретінде ұлттың қалыптасуы мен динамикасының бір текті еместігі туралы тезис алынуы тиіс, бұл оның тарихи тағдырының өзділігін анықтайды. Қазақ халқы тарихының тамыры терең, сонау ықылым замандарға кетеді. Ол тарихи-мәдени, әлеуметтік тұрғыдан алғанда өзінше қайталанбас процестер, қазақтар – Еуроазиялық кеңістіктің көне халықтарының бірі. Қазақтардың ұлттық мәдениеті ежелгі көшпелі өркениеттің барлық қасиеттеріне ие. Осының аясында мыңжылдықтар бойы қазақтардың әлеуметтік ұйымдасуы, материалдық және рухани мәдениетінің негізі қаланды.

Даланың көшпелі мәдениеті қазақ халқының бойында ұлттық өзіндік сананың мәнді белгілері ұстамдылық және шыдамдылықты қалыптастырды. Ертедегі мәдени дәстүрлер кеңпейілділік, шыдамдылық, дара араласу, қонақжайлық қазақ қоғамдастығының ұлттық өзіндік санасы ретінде алдын ала айқындайды. Жалғандық, сатқындық, бағынышты болу сияқты белгілер ешқашан қазаққа тән болмаған. Қазақ ұлтының ұлттық өзіндік санасының сипатты белгілері – ата-баба рухын пір тұту, үлкенге, балаға деген тектік құштарлық, сыйластық қалыптасқан.

Қазақтар VIII ғасырдан бастап сүнниттік бағыттағы мұсылмандар, бірақ ол өз аясына аймақтық әдет-ғұрыптардың ежелгі көзқарастарды жинақтаған өзге мұсылмандық аумақтарға ұқсамас, өзінше бір дүниетаным. Сол себепті Ш. Уәлиханов оны «екі жақты сенім» деп сипаттаған. Қазақтардың ұлттық өзіндік санасы сыртқы әлемге қатысты ешқандай нақты діни қағидаларсыз немесе философиялық-дүниетанымдық ұстанымдарсыз қалыптасты [5, 420 б.]. Ұлттық өзіндік сананың осы ашықтығы өз бейнесін салт-дәстүрлер, этникалық нормалар, азаматтық рәсімдер, эстетикалық идеялар мен моральдық іс-әрекеттерден тапты. Қазіргі заманғы мәдени, тарихи, әлеуметтік, рухани құрылымдардың барлығы ежелгі бейнелеріне жақын көрінеді.

Қазақтардың ұлттық өзіндік санасында маңызды рөл атқарған – анимизм: әлемнің барлық заттары тірі, жаны бар деп түсіну. Сондықтан олардың жанын жаралауға болмайды: от пен суды қастерлеу керек, шөпті басуға, нанды пышақпен кесуге, т.б. жасауға тыйым салынды. Әрбір заттың сезімдік қасиетінен басқа, рәзімдік қалыбы да болады, яғни ол кез келген затқа деген құрметтің қарапайым түсінігі деген сөз. Сондықтан да ежелгі қазақтардың түсінігі бойынша, ырымдарды, рәсімдерді іске асыру негізгі танымдық көзқарас болып табылады. «Ырымшыл қазақ» деген сөз тіркесі қазақ ұлтының психологиялық ерекшеліктерін дәл сипаттайды.

Қазақтардың дәстүрлі халықтық ырымшылдығы бұл – күрделі ұлттық даналық құбылыс, ол даланың тарихи тұрғындарының көптеген ұрпақтарының ежелгі

дүниетанымдық ұстанымдарымен тікелей байланысты. Ол күнделікті өмірде тірі реттеуші, ұлттық өзіндік сананың бөлшегі болып орныққан. Қазақ ұлтының дәстүрлі түсінігінде интуициялық деңгейде табиғаттың бастауы адамның өзінен деген ой терең орныққан, сол себепті адам Ғаламның бір бөлігі болып табылады. Қазақ үшін әлем – антропоорталықты. Қазақтар ешқашан табиғатпен күреспеген, тек өзіне өмірлік кеңістікті игерумен айналысып, өз дүниетанымында адам жер мен ғаламды байланыстырушы аралық буын деп санаған қазақ дүниетанымында ғана адамға «Кім» деген сұрақ қойылады. Себебі барлық жаратылыстан адамның ерекшелігі бар. Ол – саналылығы. Құран-Кәрімде де антропоорталық таным айтылады. «Адамды ерекше, көркем етіп жараттым, ал қалған жаратылыстың барлығы адам үшін» деген аяттың барлығы қазақ дүниетаным ұстанымының шынайылығын дәлелдеп тұр.

Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымында кеңістік үш сатылы. Жоғарғысы – рухтар мекені, көк тәңірі; орта – адам және оның әлемдері; төменде – түнек, суық, өлім патшалығы. Өлім – өмірдің екінші кезеңіне өту қалыбы. Қазақтардың өмір тіршілігінде жерлеу рәсімінің маңызды болуы осыдан келіп шығады. Өлген соң адам өзге, жер асты әлеміне кетеді. Адам мәңгі өлмейді. Қазақтардың өлімді «қайтыс болды» деп атауының өзі қайта оралу, қайтып келу, кету дегенді білдіреді. Сол себепті де қазақтардың жерлеу рәсімінің мәні – өлгенді қайтып келмес сапарға аттандыруы. Өлген соң адам жаны тәндік бұғаудан босап, құдірет ретінде жебеуші немесе қарғыс атушы аруаққа айналады. Әлем сияқты уақыт та қайта оралмас үш кезеңге бөлінеді: өткен уақыт, осы уақыт, болашақ. Өткен уақыт – қайтып келмес уақыт ағыны, осы уақыт – дүние жалған уақыт ағыны, болашақ – ұрпақтың тіршілігі.

Қазақ ұлтының өзіндік санасында оның бір текті еместігі байқалады. Ұрпақтан-ұрпаққа үш жүздің тіршілік ету идеясы беріліп келеді, олар сапасы бойынша бір-біріне жуық. Сонымен қоса төре («аксүйектер» – Шыңғыс ұрпақтары), қожа (араб мәсүхшілерінің ұрпақтары) топтары да белгілі.

Ата-бабаның рухани тәжірибесінің атадан мирас болып берілуі қазақ мәдениетінің ұлттық ерекшелігінің, психологиялық белгілерінің және ұлттық өзіндік сананың шынайы көрінісі қазақ этносының іс-әрекетінің қалыптасуында айтарлықтай рөл атқарған. Қазақстанның полиэтникалық тарихи ортасы бүгінгі күнге дейін әлеуметтік жаңашылдықтарды [мәдени, ұлттық] алып келуде. Ұлттылықтың мәнді басымдығы ретінде этнос сынды ерекше құбылысты қабылдамау қателіктерге ұрындыруы ықтимал [6]. Ұлт түсінігінің нақты шекараларын Н.А. Бердяев көрсеткен. Оның тұжырымы бойынша, «ұлт абстрактілі-әлеуметтік емес, тарихи, артықшылығына қарай, нақты тарихи категория болып табылады» дейді [7, 93 б.]. Ұлт тарихи шынайылықтың өзінше туындысы болып табылады және оның құпияларын абстрактілі әлеуметтік категорияларда жүргендер емес, тарихи шынайылықты сезінетіндер ғана аша алады. Сондықтан біз ұлтты тарихи тағдырдың тұтастығы ретінде анықтайтын зерттеуші Н.А. Бердяев тұжырымымен келісеміз. Ұлттықты ақыл-оймен анықтау мүмкін емес. «Ұлттық – күрделі тарихы құрылым. Ол қайталанбай рухани бейнені қалыптастыратын рухани-мәдени үдеріспен өзінің тағдырын байланыстырады. Және де барлық тарихи, психологиялық зерттеулердің нәтижесінде назарға ілінбеген қалдық қалады, міне, сонда ұлттық өзіндіктің барша құпиясы сақталады. Оның құпиясын ашу үшін ұлттық ортада болып, оның шығармашылық өмірлік үдерісіне қатысу керек» [7, 68 б.].

Өзіндік сана – адамның өз мені туралы көзқарастары. Өзіндік санасының көмегімен жеке тұлға қоршаған ортадағы өз орнын, өз мүмкіндігін, сезімі мен әрекеттерін бағалайды. Сол сияқты ұлттық өзіндік сана ұлттың өз ерекшелігін бағалау, байыту, бүгінгі үшін айқындық танытып, ертеңіне нақты бағдар беретін ұстанымына айналуы тиіс. Ұлттық тұтастықты сезіну ғана ұлттық сана-сезімді айғақтай алады. Этноста өткен ұрпақ бүгінгі ұрпақтан еш кем емес өмір сүреді. Н.А. Бердяев ұлттық сана-сезім өткенді қалпына келтіретін, тарихтың барлығын сақтайтын орасан күшін білдіретін түбірі тереңге кететін сана-сезім дейді. «Ұлттық сана-сезім шығармашылыққа қарсы болғандықтан

консервативті емес, себебі ол келер күннің өлімге апарар қажеттіліктерінен шынайы өмірді, бағалы өмірді қорғайды» [8, 91 б.], олай болса, біздің ата мен әже, ата-бабаларымызды, бүгінгі біз, ертеңгі келер ұрпақтар тірі, жанды күйінде қабылдайды.

Орыстың озық ойлы азаматы В.С. Соловьевтің пікірінше, ұлттық мәселе – бұл лайықты тіршілік ету туралы мәселе. Адам өз өмірін адамгершілік заңдары мен адамгершілік мақсаттарға бағындыра отырып, лайықты тіршілік етеді. Ұлттық міндет – ұлттық эгоизмнен өзінің табиғи шектеулілігіне қарсы болу. В.С. Соловьев, егер ол өзіне-өзі көңілі толып, өзін-өзі шексіз сүйеге алып келсе, ұлттық өзіндік сана жағымды құбылыс екендігін айтады. «Ұлттық рух, ұлттық мінез-құлық бұлар өз күшімен тіршілік те, әрекет те етеді, олар ешқандай жасанды қоздырғышты талап етпейді» [8, 300 б.]. В.С. Соловьев ұлттық өзіндік сананы шынайы түсіну үшін жалпыадамзаттық идеясы арқылы түсіну керек екендігін айтты және осыған қанша ұмтылғанымен ол «ұлттық» түсінігін христиандық әлем шеңберіне ғана шығара алды. Бірақ баршамызға белгілі, христиандықтан өзге әлемдік діндер мен сенімдердің бар екені белгілі. Нәтижесінде, бұл жалпыадамзаттық идеясы тек идеал түрінде қалғандығы аян.

Ұлттық өмір – ата-баба және олардың өсиеттеріне бас июдің арасындағы үзілмес байланыс. Сондықтан ұлттылықта үнемі дәстүрлілік үрдісі сабақтасады. Дәстүрлілік үрдісі ұлттық санада орнығады, ал ұлттық сана өзінің толық көрінісін ұлттық мәдениетте табады. Нақты этноәлеуметтік қоғамдастық мәдениетте оның ұмтылыстары мен мақсаттары жүзеге асырылады. Мәдениеттің деңгейлері мен типтерінде ұлттық өзіндік сананың құндылықтары мен қасиеттері өлшенеді. Ұлттық мәдениет дәстүрлері, ұлттың еңбекке икемділігінен, қауымдастықтардың әдептері мен әдеттерінен, бірлесе өмір сүруінен, ата-баба рухына табынудан, бейіттерді, ескерткіштерді қастерлеуінен, ата-ана мен бала қарым-қатынасынан, жақсыға ұмтылуынан, бақыт пен әділеттілік үшін күресінен туындайды. Ұлттық мәдениет мәселесі – күрделі әрі көпастарлы. Ұлттық мәдениет – ұлтқа тән моральдық құндылықтарды, ұлттың рухани тәжірибесін жеткізуші фактор. Демек, ұлттық мәдениет – ұлттық сана-сезім өзегі.

Әдебиет:

1 Бромлей Ю.В. К разработке понятийно-терминологических аспектов национальной проблематики // Советская этнография. – 1987. – № 3. – С. 22-33.

2 Бромлей Ю.В. Национальные процессы в СССР: в поисках новых подходов. – М.: Наука, 1988. – 20 с.

3 Гумилев Л.Н. Конец и начало вновь. – М., 1994. – 541 с.

4 Гегель Г.В.-Ф. Феноменология духа // Энциклопедия философских наук. – М., 1977. – 402 с.

5 Уәлиханов Ш.Ш. Шығармалар жинағы. – Алматы: ҚазСРО ҒА баспасы. – 1961. 5 том. – 480 б.

6 Ахиезер А. Культурные основы этнических конфликтов // Общественные науки и современность. – 1994. – № 4. – С. 115-125.

7 Бердяев Н.А. Философия неравенства. – М., 1990. – 214 с.

8 Бердяев Н.А. Русская идея. Судьба России. – М., 1997. – 540 с.